

Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 605 "2021-2023 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 137 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 желтоқсанда № 25842 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының "2021-2023 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 605 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7840 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 12968277,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3404763,2 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 70071,9 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 23255,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 9470187,1 мың теңге;

2) шығындар – 13293422,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – -5339,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 5339,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -319806,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 319806,6 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 5339,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 325145,6 мың теңге.";

8 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. 2021 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен мынадай ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге – 30832,0 мың теңге;

балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетке – 9210,0 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға – 24381,0 мың теңге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға – 208,0 мың теңге;

еңбек нарығын дамытуға – 253321,0 мың теңге;

мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге – 7964,0 мың теңге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының басқарушы және негізгі персоналына ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлық ақысына қосымша ақылар белгілеуге – 30319,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1, 5-қосымшалары осы шешімнің 1, 2- қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2021
жылғы 13 желтоқсандағы № 137
шешіміне 1 қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2020
жылғы 22 желтоқсандағы № 605
шешіміне 1-қосымша

2021 жылға арналған Шалқар аудандық бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	12968277,2
1			Салықтық түсімдер	3404763,2
	01		Табыс салығы	398287,0
		1	Корпоративтік табыс салығы	3000,0
		2	Жеке табыс салығы	395287,0
	03		Әлеуметтік салық	454500,0
		1	Әлеуметтік салық	454500,0

	04		Меншікке салынатын салықтар	2405126,2
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2405122,2
		5	Бірыңғай жер салығы	4,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	143240,0
		2	Акциздер	1500,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	132000,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	9740,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3610,0
		1	Мемлекеттік баж	3610,0
2			Салықтық емес түсімдер	70071,9
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3058,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2750,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілетін кредиттер бойынша сыйақылар	108,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	200,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	13,9
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік	13,9

			мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	67000,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	67000,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	23255,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2005,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2005,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	21250,0
		1	Жерді сату	20000,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	1250,0
4			Трансферттердің түсімдері	9470187,1
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	4,1
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	4,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	9470183,0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	9470183,0
II. Шығындар				13293422,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1041079,8
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	269698,4
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	38567,0
			Аудан (облыстық	

			001	маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	38157,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	410,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	231131,4
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	187923,9
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1607,2
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	41600,3
	2			Қаржылық қызмет	311053,1
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	311053,1
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске	40527,0

				асыру жөніндегі қызметтер	
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1200,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	126,0
			028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	79000,0
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	190200,1
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	40925,4
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	40925,4
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40742,6
				Мемлекеттік органның	

			004	күрделі шығыстары	182,8
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	419402,9
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	419402,9
			001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36105,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1192,2
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	382105,7
02				Қорғаныс	50230,1
	1			Әскери мұқтаждар	8957,4
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8957,4

			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8957,4
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	41272,7
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	41272,7
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1560,0
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	39712,7
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1063190,9
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	60074,8
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту	60074,8

				және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	60074,8
	2			Әлеуметтік көмек	956443,2
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	956443,2
			002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	571554,0
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	17748,0
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	5000,0
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	95810,0
				Мұқтаж азаматтарға үйде	

			014	әлеуметтік көмек көрсету	81596,4
			017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	122631,9
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	62102,9
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	46672,9
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту	46672,9

				және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	39781,9
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	800,0
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	446,6
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	3799,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1845,4
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2622939,9
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	146660,2
				Ауданның (облыстық маңызы бар	

		495		қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	146660,2
			007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) с а л у , реконструкциял ау	76455,0
			008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	1867,7
			033	Инженерлік-ком муникациялық инфрақұрылымд ы жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	31887,5
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	36450,0
	2			Коммуналдық шаруашылық	2358666,5
		495		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2358666,5
			013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	16467,8
				С у м е н жабдықтау және	

			014	су бұру жүйесін дамыту	92986,0
			016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	47573,4
			026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	521,0
			027	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	2239,3
			058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	2198879,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	117613,2
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	117613,2
			025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	116163,2
				Елді мекендердің	

			031	санитариясын қамтамасыз ету	1450,0
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	489183,7
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	216574,4
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	206574,9
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	206574,9
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9999,5
			036	Мәдениет объектілерін дамыту	9999,5
	2			Спорт	24894,0
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	24804,9
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13089,9

			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2315,0
			007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	9400,0
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	89,1
			021	Спорт объектілерін дамыту	89,1
	3			Ақпараттық кеңістік	149083,9
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	134783,9
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	134183,9
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа	600,0

				да тілдерін дамыту	
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	14300,0
			002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	14300,0
9				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	98631,4
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	33477,3
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26368,1
			010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21,8
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7087,4
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	65154,1

			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23685,9
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	41441,2
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	27,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	88149,7
	1			Ауыл шаруашылығы	52436,8
		462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	52436,8
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38034,5
				Мемлекеттік органның	

			006	күрделі шығыстары	14402,3
	6			Ж е р қатынастары	30287,8
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	30287,8
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын р е т т е у саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26882,4
			003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	470,4
			006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін ж е р г е орналастыру	2935,0
	9			Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	5425,1
				Ауданның (облыстық маңызы бар	

		453		қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	5425,1
			099	Мамандардың әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	5425,1
12				Көлік және коммуникация	184839,6
	1			Автомобиль көлігі	184839,6
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	184839,6
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7287,0
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	177552,6
13				Басқалар	301015,7
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	18335,7
		469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	18335,7

			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17483,7
			003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	800,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	52,0
	9			Басқалар	282680,0
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	282680,0
			077	"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	32081,0
			079	"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту	250599,0
14				Борышқа қызмет көрсету	56992,0
	1			Борышқа қызмет көрсету	56992,0

		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	56992,0
			013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	56992,0
15				Трансферттер	7395800,9
	1			Трансферттер	7395800,9
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	7395800,9
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	7,9
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	7160468,0
			038	Субвенциялар	235325,0
16				Қарыздарды қайтару	0,5
	1			Қарыздарды қайтару	0,5
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар	0,5

				қаланың) қаржы бөлімі	
			021	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	0,5
III. Таза бюджеттік кредиттер					-5339,0
Бюджеттік кредиттер					0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	0
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	0
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	0
			006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	0
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	5339,0

	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	5339,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	5339,0
				IV. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-319806,6
				V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	319806,6
7				Қарыздар түсімдері	0
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	0
16				Қарыздарды өтеу	5339,0
	1			Қарыздарды өтеу	5339,0
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	5339,0
			008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	5339,0
8				Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	325145,6
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	325145,6
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	325145,6

жылғы 13 желтоқсандағы № 137
шешіміне 2-қосымша
Шалқар аудандық мәслихатының 2020
жылғы 22 желтоқсандағы № 605
шешіміне 5-қосымша

Аудандық бюджеттен аудандық маңызы бар қала және ауылдық округ бюджеттеріне 2021 жылға ағымдағы нысаналы трансферттер көлемі

Атауы	Сомасы, мың теңге
Шалқар қаласы	365176,0
Ақтоғай ауылдық округі	10228,8
Айшуақ ауылдық округі	11001,0
Бершүгір ауылдық округі	10278,0
Бозой ауылдық округі	3749,0
Есет Көгібарұлы ауылдық округі	12723,8
Жаңақоныс ауылдық округі	15063,1
Кішіқұм ауылдық округі	15335,0
Қауылжыр ауылдық округі	14696,0
Мөңке би ауылдық округі	9417,1
Тоғыз ауылдық округі	20557,9
Шалқар ауылдық округі	9444,0
Шетырғыз ауылдық округі	9715,7
Жиыны	507385,4